



БСН 970540003934

БИН 970540003934

БҰЙРЫҚ

__12.05.2023 жыл__

Алғабас ауылы

ПРИКАЗ

№ 23

село Алғабас

**2022-2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру
ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2023 жылғы 31 мамыр;
 - 2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін;
 - 3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 9 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;
 - 11 (12) сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 1) қазақ/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5 маусым;

